



ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК АКАДЕМИЯЛЫҚ  
БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР  
ТЕАТРЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

# Ғ. Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры 2024 жыл қорытынды ЕСЕБІ





## НЕГІЗГІ МӘЛІМЕТТЕР

- Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры тағылымды шығармаларын мемлекеттік тілде сахналап келе жатқан тарихы терең, іргелі ұжым. Театр 1946 жылдың 4 шілдесі күні А. Толстойдың «Алтын кілт» пьесасы бойынша қазақ тілінде тұңғыш рет спектакль қойып, ресми түрде тұсауын кесті.
- Театрдың өсіп-өркендеуі мен кәсіби деңгейінің көтерілуіне Н.И.Сацтан бастап, режиссерлер: С.Шәріпов, Мен Дон Ук, В.Пұсырманов, Е.Обаев, М.Байсеркенов, Қ.Жетпісбаев, Р.Сейтметов, Н.Жақыпбай, Ж.Хаджиевтер мол үлес қосты. Бүгінгі шығармашылық құрам да қазақ өнерінің хас шеберлері Л.Кәденова, Г.Қазақбаева, Қ.Қуандықов, Ж.Құрманбеков сынды талант иелерінен тұрады.
- 2016 жылдан бері, 27 наурыз – Халықаралық театр күніне орай «Алтын сақа» дәстүрлі театрішілік жаңа қойылымдар фестивалі өткізіліп келеді. Сонымен қатар, театр ұжымы республикалық, халықаралық театр фестивальдеріне қатысып, жүлдегерлер қатарынан көрініп келеді.



**Есеналиев Талғат  
Қамқабайұлы**  
*директор*



# ТЕАТРДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТІ

## ○ Театрдың мақсаты мен міндеті:

Театрдың басты мақсаты – тағылымды қойылымдарын сахналай отырып, өскелең ұрпақтың бойына рухани азық сыйлау. Ұлттық өнердің кәсіби өркендеуіне, әлемдік өнер кеңістігінде қазақ мәдениетінің дәріптелуіне үлес қосу.

## ○ Міндеттері:

- көрерменді рухани, мәдени және эстетикалық тәрбиеге баулу;
- балалар мен жасөспірімдерге арналған әлем, орыс және қазақ әдебиетіндегі үздік шығармаларын, сондай-ақ, Ғ.Мүсірепов театрының дамуы жолында жұмыс жасап жатқан режиссерлер, драматургтер мен артистердің еңбектерін насихаттау;
- әртүрлі жастағы көрермендер үшін шығармашылық, көркемдік деңгей мен жанр түрлерін дамыту;
- театр артистерінің кәсіби біліктіліктерін арттыру мақсатында халықаралық театр фестивальдеріне қатысу және ұйымдастыру;
- әлемдік тәжірибелерді үйрену және алмасу мақсатында Қазақстан аймақтарында және шет мемлекеттерге гастрольдік сапарлар ұйымдастыру.



## ТЕАТР БАҒЫНДЫРҒАН БЕЛЕСТЕР

- «ALTYN SAQA - 2024» театршілік жаңа қойылымдар фестивалінде ҚАСЫМ ЖӘКІБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҮЗДІК ЕР АДАМ БЕЙНЕСІ марапатына **Мақсат Сәбитов**, РАИСА МҰХАМЕДИЯРОВА АТЫНДАҒЫ ҮЗДІК ӘЙЕЛ АДАМ БЕЙНЕСІНЕ **Ақбота Рахат** лайық деп танылды.





- ЕКІНШІ ПЛАНДАҒЫ ЕР АДАМ БЕЙНЕСІ жүлдесімен - Мерей Әжібеков марапатталса, ЕКІНШІ ПЛАНДАҒЫ ӘЙЕЛ АДАМ БЕЙНЕСІ жүлдесі Динара Шымырбаеваға табысталды.
- Ұлжан Оразаева «ҮМІТ», Нариман Егимбеков және Айнұржан Орынбасарова «БАЛАЛАР ҚОЙЫЛЫМЫНДАҒЫ ҮЗДІК БЕЙНЕ» жүлдесіне ие болды.





- Гүлжамал Қазақбаеваға ӘМИНА ӨМІРЗАҚОВА, Елдар Отарбаевқа ЖАНАТ ХАДЖИЕВ, Сафуан Рысбайұлына СЕЙІТХАН ЕСЕНҚҰЛОВ, Қуаныш Тұрдалинге САҒАТ ЖЫЛГЕЛДИЕВ атындағы арнайы жүлделері табысталды.

Сонымен қатар, Күлжамила Белжанова, Тынышкүл Сұлтанбердиева, Хазима Нұғмановаға «ТЕАТРҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ҮШІН» марапаты табысталды.





- Көрікті Көкшетау қаласында 1-4 мамыр күндері аралығында өткізілген II Халықаралық «Сәлем» комедиялық театр фестивалінде театрымыздың артисі Сафуан Рысбайұлы «Тойы көп үй» қойылымындағы Заңғар рөлі үшін «Үздік ер адам бейнесі» жүлдесіне лайық деп танылды.



- Мамыр айының 17-ші жұлдызында Башқұртстанның Уфа қаласында «ТУҒАНЛЫК» VIII Халықаралық ұлттық театрлар фестивалінде «Құлагер» спектаклі бақ сынап, «ҮЗДІК МУЗЫКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПЛАСТИКАЛЫҚ ШЕШІМ» номинациясымен марапатталды.

Ақан сері ролін сомдаған Әсет Иманғали «ФЕСТИВАЛЬДІҢ АРНАЙЫ ЖҮЛДЕСІМЕН» марапатталды.





- 3-9 маусым аралығында Әзірбайжан, Армения, Беларусь, Грузия, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан және Қазақстан мемлекеттерінің ең үздік қойылымдары қатысқан форумда театрымыз жүлделі **II орынға** ие болды. Театр репертуарындағы «**Оян, қалыңдық**» (авт.: Г.Лорка, реж.: Д.Жұмабаева) көрерменнің көзайым қойылымы атанып, қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды.



- Қыркүйек айында театрымыздың көркемдік жетекшісі әрі режиссері Фархад Молдағали ТМД мемлекеттерінің XVII-ші шығармашылық және ғылыми интелегенциялар форумының **АРНАЙЫ «ЗВЕЗДЫ СОДРУЖЕСТВА» ЖҮЛДЕСІНЕ** ие болды.





- 27-30 қыркүйек аралығында Ақтау қаласында өткізілген «ABISH ALEMI» III Халықаралық театр фестиваліне «Йерма» спектаклімен қатысып «ҮЗДІК АКТЕРЛІК АНСАМБЛЬ» жүлдесіне лайық деп танылды.
- Сонымен қатар, Түріксой Халықаралық ұйымының төсбелгісімен театрымыздың артисі Гүлжамал Қазақбаева марапатталды.
- Үздіктер қатарынан көрінген театрымыздың артисі Елдар Отарбаевқа «Ұлы даланың Заңғар тұлғасы» төс белгісі табыс етілді.
- Театрымыз отандық және шетелдік театрлар арасынан «ҮЗДІК ТЕАТР» атанды!





- Өмірін өнермен өрнектеген театрымыздың артисі **Лидия Каден** «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ АРТИСІ» атағымен марапатталды.
- ҚР еңбек сіңірген артисі **Тынышкүл Сұлтанбердиева** «Парасат» орденінің иегері атанды.
- Театрымыздың артисі **Сафуан Рысбайұлына** «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді.





- Орталық Азия елдері театрларының ІХ халықаралық фестивалінде «Ұлпан» спектаклі «ҮЗДІК АКТЕРЛІК АНСАМБЛЬ» жүлдесімен марапатталды.



- «Еуразия» бірінші арнасы өнер саласының үздіктеріне мониторинг жасап, нәтижесінде театр және кино саласында түрлі бейнелерді сомдап жүрген театрымыздың артисі **БАҚЫТГҮЛ СЕРІКБАЕВА** «ЖЫЛ АКТРИСАСЫ» атанды.






- Сыншылардың кәсіби таңдауы нәтижесінде театрымыздың артисі **Ақбота Рахат «Йерма»** (авт.: Г.Лорка, реж.: Д. Жұмабаева) қойылымындағы Йерма ролі үшін **ЖЫЛ АКТРИСАСЫ»** жүлдесімен марапатталды
- Сыншылардың әділ сараптауынан өтіп, үздіктер арасынан топты жарған 2024-ші жылдың ең үздік **«Жыл қойылымы»** жүлдесіне театрымыздың репертуарындағы **«Ұлпан»** (авт.: Ғ.Мүсірепов, реж. Г.Балпеисова» лайық деп танылды.





- Еліміздегі билет сатуға арналған Ticketon.kz сайты 2024 жылға қорытынды жасады. Театрымыздың репертуарындағы «Махаббат, қызық мол жылдар», «Болмаған балалық шақ», «Қызыл орамалды шынарым», «Әпке», «Апалы-сіңлілі үшеу» спектакльдері көрерменнің қызығушылығын оятқан, ең көп билет сатылған үздік ондыққа еніп, үздіктердің арасынан **ЕҢ ҮЗДІК ҚОЙЫЛЫМДАР** деп танылды.





# ТЕАТР ӨТКІЗГЕН МЕРЕКЕЛЕР



9, 10, 24 ақпан күндері  
«Мұқағали. Музаға»  
әдеби музыкалық кеші



23-27 наурыз аралығында  
«ALTYN SAQA» дәстүрлі театрішілік  
жаңа қойылымдар фестивалі



29 қазан мен 3 қараша күндері аралығында  
ҚР еңбек сіңірген артисі, Құрмет орденінің иегері,  
театр және кино актері  
Сағызбай Қарабалиннің 70 жас мерейтойы  
қарсаңында шығармашылық апталығы



# ТЕАТР ӨТКІЗГЕН МЕРЕКЕЛЕР



2 қараша «Бекзат болмыс иесі.  
МАСАДАН КОРОЛЬГЕ ДЕЙІН»  
зерттеу кітабының тұсаукесер рәсімі



23 қараша Қазақстанның халық артисі,  
режиссер Талғат Теменовтің  
70 жас мерейтойы



11 желтоқсан Сағат Жылгелдиевтің  
70 жылдығы аясында  
«Естайдың Қорланы» еске алу кеші



12 желтоқсан «Жібегімін Сағаттың»  
кітабының тұсаукесер рәсімі



# ГАСТРОЛЬДІК САПАР

- 24-25 сәуір «Қарагөз» қойылымы Көкшетау қаласында
- 26 сәуір «Бернарда Альбаның үйі» қойылымы Көкшетау қаласында
- 27 сәуір «Құлагер» қойылымы Көкшетау қаласында
- 24,25,26,27 сәуір «Кішкентай ханзаданың оралуы» ертегісі Көкшетау қаласында



КӨКШЕТАУ ҚАЛАСЫ



# ГАСТРОЛЬДІК САПАР

- 22-23 сәуір «Махаббат, қызық мол жылдар» қойылымы Қарағанды қаласында
- 23 сәуір «Қарагөз» қойылымы Қарағанды қаласында
- 22-23 сәуір «Кішкентай ханзаданың оралуы» ертегісі Қарағанды қаласында



ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ



# ГАСТРОЛЬДІК САПАР

- 29 сәуір «Қарагөз» қойылымы Астана қаласында
- 30 сәуір «Бернарда Альбаның үйі» қойылымы Астана қаласында
- 29-30 сәуір «Махаббат, қызық мол жылдар» қойылымы Астана қаласында
- 29-30 сәуір «Кішкентай ханзаданың оралуы» ертегісі Астана қаласында сахналанды



АСТАНА ҚАЛАСЫ



# ГАСТРОЛЬДІК САПАР

- 25 желтоқсан «Қызыл орамалды шынарым» Шелек қаласында
- 25 желтоқсан «Қызыл орамалды шынарым» Есік қаласында
- 26 желтоқсан «Қызыл орамалды шынарым» Талғар қаласында
- 5 желтоқсан «Қызыл орамалды шынарым» Талдықорған қаласында





# ФЕСТИВАЛЬДЕРГЕ ҚАТЫСУ БОЙЫНША КӨРСЕТКІШ

**2023 жыл – 14**

Республикалық фестивальдер саны – 3

Халықаралық фестивальдер саны – 9


Проект фестиваль – 2

**2024 жыл – 5**

Халықаралық фестивальдер саны – 5



## ТАБЫС КӨРСЕТКІШІ



Ғ.Мүсірепов атындағы  
Қазақ мемлекеттік  
академиялық балалар мен  
жасөспірімдер театрының  
2022-2024 жылдары театр  
билеттері сатылымынан  
кірген табыс статистикасы



## КӨРЕРМЕН САНЫ КӨРСЕТКІШІ

Стационарда	120 274
Балалар қойылымы	8996
Гастроль/көшпелі қойылым	6769
Фестиваль	2160

**Барлығы - 133 879**



# КӨРСЕТИЛГЕН ҚОЙЫЛЫМДАР КӨРСЕТКІШІ

Стационар	248
Балаларға арналған спектакльдер	72
Гастроль	36
Фестиваль	5

**Барлығы - 361**



## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ ҚАРАЛЫМ КӨРСЕТКІШІ

**2023**



**1,2 M**



**2,3 M**



**800 K**



**10 K**

**2024**



**2,1 M**



**3,5 M**



**950 K**



**12 K**



# БАСПАСӨЗ ҚҰРАЛДАРЫМЕН БАЙЛАНЫС БОЙЫНША КӨРСЕТКІШ

Телеарна түсірілімдері (сұхбат, деректі фильм, радио, жаңалықтар)

39

Республикалық, қалалық (интернет-порталдар) басылымдағы мақалалар

46

**Барлығы - 85**



# 2024 ЖЫЛЫ САХНАЛАНҒАН ЖАҢА ҚОЙЫЛЫМДАР

1

«Түкбілмес» (авт.: Н. Носов, реж.: Д. Курочкин)

2

«Йерма» (авт.: Ф. Г. Лорка, реж.: Д. Жұмабаева)

3

«Апалы-сіңлілі үшеу» (авт.: А. Чехов, реж.: Ф. Молдағали)

4

«Ұлпан» (авт.: Ғ. Мүсірепов, реж.: Г. Балпеисова)

5

«Раечка» (авт.: О. Малышева, реж.: К. Бесолти)

6

«Чемпион» (авт.: Б. Соқпақбаев, реж.: М. Ахманов)





ФАБИТ МҮСІРЕПОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК АКАДЕМИЯЛЫҚ  
БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР  
ТЕАТРЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

Назарларыңызға  
рахмет!